

**Түркістан облысының білім басқармасының
«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-
интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарына
түсіндірме хат**

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылына құрылған оқу жоспары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері негізінде құрылған.

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспарын жасауда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>),

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>),

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>),

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (63, 67-қосымша) (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. бұйрығымен (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>),

2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық білім академиясының «2024-2025 оқу жылына Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың



ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024), (<https://uba.edu.kz/qaz/metodology>)

Жалпы білім беретін мектептің 10-11 сыныптарында алғашқы әскери дайындық пәнін оқыту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген оқу бағдарламалары және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығы (2023.08.04. ж берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы негізге алынды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Занды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасының 05.09.2019 жылы берілген, БСН 111140008380, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 12.11.2011 жыл. Жарғы Түркістан облысы әкімінің 28.08.2023 жылғы №180 Қаулысымен бекітілген.

Мектеп-интернат оқушыларының контингенті:

Мектеп-интернатта 308 оқушы, 12 қазақ сыныптарында білім алады. Мектептің білім беру бағыты: жаратылыстану-математикалық. Білім алушылардың жас ерекшелігі 12-17 жастан құралады.

Мектеп-интернаттың оқу жоспарының құрылымында мыналар белгіленген:

- Мектеп-интернаттағы базалық білім мазмұнының өзегін көрсететін инварианттық оқу жүктемесі;
- Оқушылардың мүдделігі мен қабілеттеріне сәйкес олардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған вариативтік оқу жүктемесі, білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқыту (соның ішінде тереңдетіп оқытуға), жаңа оқу курстарын, факультативтерін енгізуге, дара және топтық сабақтар жүргізуге пайдаланады.

Вариативті оқу жүктемесі оқушының қызығушылығы мен икемділігіне сай білім алушының және топтық ізденушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқыту үшін білім беруге жаңа түр бере отырып ұйымдастыруға бағытталған.

Вариативтік компоненттен жеке және топтық жұмыс сағаттарын 7^{а,б}-сыныптарға Жаһандық құзыреттілік курсына -1,5 сағат, "Математикалық сауаттылық есептерін шешудің тиімді тәсілдері" 3 сағат, Робототехника 3-сағат, "Материктер мен мұхиттар номенклатурасы" - 3 сағат, "Жануарлар этиологиясы" - 3 сағат.

8^{а,б}-сыныптарға Жаһандық құзыреттілік курсына -1 сағат, "Математикадан колданбалы есептерді шешу" - 2 сағат, "Тотығу тотықсыздану реакциялары" - 2 сағат, Робототехника -2 сағат, Физика пәні бойынша логикалық және тереңдетілген есептер шығару -2 сағат.

9^{а,б}-сыныптарға Жаһандық құзыреттілік сағатын «Зайырлылық және дінтану негіздері»- 2 сағат, "География пәнін оқытуда оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру" – 2 сағат, Робототехника -2 сағат, «Физикадан жоғары деңгейдегі есептер шығару» - 2 сағат, "Химия пәнінен есептер шығару әдістемесі" -2 сағат берілді.

Вариативтік компоненттен элективтік курс сағаттарын

10^{а,б} –сыныптарға Жаһандық құзыреттілік сағатын «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» -2 сағат, биология пәнінен "Генетика және селекция негіздері" -2 сағат, химия пәнінен "Химиялық есептер" - 2 сағат, география пәнінен "Геоэкономика және заманауи халықаралық қатынастар" -2 сағат, Робототехника- 2 сағат, "Абайтану"- 2 сағат, Алғашқы әскери дайындық -2 сағат.

11^{а,б} –сыныптарға Жаһандық құзыреттілік сағатын «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» -3 сағат, физика пәнінен жаңартылған бағдарлама бойынша "Жаңартылған бағдарлама бойынша эксперименттік физика есептерін шешу жолдары"- 3 сағат, Математика пәнінен "Математиканы игерудің қолайлы тәсілдері және математикалық сауаттылық" - 3 сағат, Химия пәнінен "Жалпы химия курсынан есептер шешу әдістемесі" -3 сағат, Биология пәнінен "Адам эволюциясының құпиялары"- 3 сағат, Робототехника- 3 сағат, Абайтану -3 сағат.

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығына сәйкес мамандандырылған білім беру ұйымдарына саралап, жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат және оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка сағаты берілген.

Шығармашылық және зерттеушілік әрекетінің негіздері сағаттарын

7 А,Ә,Б -сыныптарына Домбыра үйірмесі-3 сағат, Волейбол үйірмесі -3 сағат, Футбол үйірмесі -3 сағат, Шахмат үйірмесі -3 сағат берілді.

8 А,Б -сыныптарына Домбыра үйірмесі- 2 сағат, Футбол үйірмесі- 2 сағат, Шахмат үйірмесі- 2 сағат, Қазақстан тарихын Ясауитану ілімімен сабақтастыра оқытуға -2 сағат берілді.

9 А,Б -сыныптарына Іскерлік ағылшын - 2 сағат, Баскетбол -2 сағат, Тарих айдынындағы тұлғалар -2 сағат, Волейбол үйірмесі -2 сағат берілді.

10 А,Б -сыныптарына Баскетбол үйірмесі -2 сағат, Оқушыларға мәтінге талдау жасау арқылы тиімді эссе жазуды үйрету (ағылшын тілі) 2 сағат,

Физиканың таңдаулы есептері -2 сағат, Саяси география және геосаясат негіздері- 2 сағат, берілді.

11 А,Ә,Б -сыныптарына «Жалпы химия негіздеріне» -3 сағат, «Биологиялық моделдер және қолданбалы есептерге» -3 сағат, Қазіргі дүние географиясы – 3 сағат, Физикадан эксперименттік жұмыстарды орындаудың әдістері -3 сағат берілді.

Бұл сағаттар «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысында (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>) ұсынылған орта білім беру сапасын арттыру, Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту, халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасына сай (PISA (Programme for International Student Assessment)) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулу және оқушының бойындағы зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында мектепшілік әдістемелік кеңестің ұсынысымен педагогикалық кеңесте авторлық бағдарламалар бекітіліп, аталған сағаттар 7-11- сыныптарда математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерге және «Шахмат», «Волейбол», «Баскетбол», «Домбыра», «Графика және жобалау» тақырыбындағы үйірмелерге берілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 7-9- сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда алғашқы әскери дайындық оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады.

Мектеп-интернатта бөліп оқыту «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>) сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір мамандандырылған білім беру ұйымы білім алушылардың сұраныстарына және кадр әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес бейіндік пәндер, сондай-ақ таңдау бойынша курстар, элективті курстар және мамандандырылған компонент ішіндегі білім салаларын айқындайды.

Мектеп-интернаттың жұмыс тәртібі толық күн мектептері деп белгіленген.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:



Ж. Тулеков

